 - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
 - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
 - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами*.
 - Самостійного розбирання виробу, не передбаченого інструкцією з експлуатації, або будь-якого іншого стороннього втручання у його конструкцію.
5. Ця гарантія діє за умови пред'явлення оригіналу цього гарантійного талона, оригіналу товарного чека, виданого продавцем, та виробу, у якому виявлено дефекти.
6. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

З усіх питань гарантійного обслуговування виробів POLARIS звертайтеся до вашого місцевого офіційного продавця POLARIS.

*Адреси авторизованих центрів обслуговування на сайті Компанії: www.polar.ru

Электрлік тостер пісіргіш құрылғы
POLARIS
Үлгісі PET 0917A Champagne

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар және кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

Мазмұны

1. Жалпы мәлімет.....	20
2. Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар.....	20
3. Осы электрлік тостер пісіргіш құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар.....	22
4. Құрылғының пайдалану аясы.....	23
5. Құрылғының сипаттамасы.....	23
6. Тостер пісіргіш құрылғының жиынтықтылығы.....	24
7. Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау жөніндегі нұсқаулар және құрылғыны қауіпсіз пайдалану жөніндегі талаптар.....	24
8. Тазарту және күтім.....	26
5. Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелер.....	26
6. Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелер.....	26
7. Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелер.....	27
8. Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар.....	27
9. Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері.....	27
10. Құрылғының техникалық сипаттамалары.....	28
11. Сертификаттау жөніндегі ақпарат.....	28
12. Кепілдік міндеттеме.....	29

1. Жалпы мәлімет

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі PET 0917A Champagne POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын электрлік тостер пісіргіш құрылғы (бұдан әрі мәтін бойынша – тостер пісіргіш құрылғы, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.

2. Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар

- Тостер пісіргіш құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
 - Бұл тостер пісіргіш құрылғы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс.
 - Тостер пісіргіш құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде, толығымен мұқият оқып шығыңыз.
 - Әр жолы тостер пісіргіш құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Тостер пісіргіш құрылғының және оның электрмен қоректендіретін электрлі желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, тостер пісіргіш құрылғының қуат өткізетін электр желілік баусымның айыртетігін электрлі желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды. Тостер пісіргіш құрылғы еденге не жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Тостер пісіргіш құрылғыны пайдаланбас бұрын, оны білікті маманға көрсету қажет, оны тек қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана тексеруі тиіс.
 - Тостер пісіргіш құрылғыны және оның электрлі желілік баусымын қыздыру не жылу шығаратын көздерінен және өзге де электрлі құралдардан алыс қашықтықта орналастырыңыз, құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек.
 - Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған тостер пісіргіш құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз! Егер Сіз құрылғыны пайдаланбасаңыз, онда оны әркез сөндіріңіз.
 - Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.
 - Бұл тостер пісіргіш құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Назар аударыңыздар! Электрлік тостер пісіргіш құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа да ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды.**
- Электрлік тостер пісіргіш құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды. Ылғал қолыңызбен құрылғыны ұстауға болмайды. Электрлік тостер пісіргіш құрылғы дымқылданса, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз.

- Тостер пісіргіш құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оның электрлі желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз. Сонымен, бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Тостер пісіргіш құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.
- Тостер пісіргіш құрылғыны тек қана ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Тостер пісіргіш құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, электр желідегі қолданылатын электрлік параметрлерін тексеріңіз, бұл құрылғының техникалық сипаттамалары электр желідегі қолданылатын электрлік параметрлеріне сәйкес болғанына көз жеткізіңіз.
- Тостер пісіргіш құрылғыны тек қана жерге тұйықталған желіге ғана қосуға қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш және үшжақты жалғаулық секілді қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Ұзартқыш не жалғастырғыш құрылғыны пайдаланудың алдында оның жерге тұйықталғанына және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құрылғыны іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Тостер пісіргіш құрылғының электрлі желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электрлік қоректену желісіне жалғастырып қоспас бұрын, әрдайым оның қуатты ажыратып қосатын іске қосу/сөндіру ауыстырғыш-қосқыш тетігі «СӨНДІРУ» қалпында тұрғандығына көз жеткізіңіз.
- Тостер пісіргіш құрылғы құрғақ бөлмежайда пайдалануы тиіс. Тостер пісіргіш құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз! Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Әр жолы тостер пісіргіш құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін, құрылғыны және оның құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектері мен керек-жарақтарын тазартпас бұрын, және де құрылғының құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектері мен керек-жарақтарын орнатпас бұрын, немесе оларды бөлшектеу қажет болған жағдайда, сонымен қатар, бұл құрылғының құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектері мен керек-жарақтарын ауыстырар алдында, сондай-ақ, электрлік тостер пісіргіш құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, әрдайым оның желілік баусымның айыртетігін электр желіден ажырату қажет.
- Тостер пісіргіш құрылғыны оның электрмен қоректендіретін электрлі желілік баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, тостер пісіргіш құрылғыны оның электрмен қоректендіретін электрлі желілік баусымнан ұстап тартқылап, электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Тостер пісіргіш құрылғының электр желілік баусымын электрлік қоректену желіден ажыратқан кезінде, тек қана оның электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігінен ұстаңыз.
- Электрлік тостер пісіргіш құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейтін қосымша аксессуарларға жататын бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Әр жолы тостер пісіргіш құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін, оның электрлі қоректендіргіш баусымын құрылғыға айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда тостер пісіргіш құрылғының электрлі қоректендіргіш баусымын дұрыс сақтау үшін оны жақсылап тарқатыңыз.
- Тостер пісіргіш құрылғының электрмен қоректендіретін электрлі желілік баусымын тек қана техникалық білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін бұл тостер пісіргіш құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге

тырыспаңыз. Жөндеу жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.

- Электрлік тостер пісіргіш құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.
- Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электрлік тостер пісіргіш құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өндеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

3. Осы электрлік тостер пісіргіш құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар

- Бұл электрлік тостер пісіргіш құрылғы тек қана үйде тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс.
- Электрлік тостер пісіргіш құрылғыны тез тұтанатын бұйымдар мен жанғыш заттардан қауіпсіз қашықтықта орнықты, тегіс және өртке төзімді қабатта орналастырып қойыңыз.
- Электрлік тостер пісіргіш құрылғы тек тік қалпында ғана пайдаланылуы тиіс.
- Абай болыңыз, өйткені жұмыс барысында тостер пісіргіш құрылғының метал бөліктері қатты қызады.
- Тостер пісіргіш құрылғыны тез тұтанатын бұйымдар мен заттардың маңында, сонымен қатар жылу шығаратын көздерінің не бұйымдарының маңайында, сондай-ақ жоғары температура әсерінен құрылғының не оның пішінің немесе бөлмедегі ішкі көрінісіндегі қандай да бір заттардың түрін өзгертетін тұрмыстық бұйымдарының қасында, сонымен бірге газ не электр пештің қасында, немесе олардың үстіне не астына қойып, қолданбаңыз.
- Тостер пісіргіш құрылғының үстіне және оның маңайында тез тұтанатын бұйымдар мен жанғыш заттарды, бензин, сұйық май, спирт және басқа да тез тұтанғыш және жаңғыш сұйықтықтарды қоймаңыз және сақтамаңыз.
- Тостер пісіргіш құрылғының үстіне ыдысты және басқа да бөгде заттарды қоймаңыз.
- Электрлік тостер пісіргіш құрылғыны жылу көзі ретінде және қандай да бір тағамдық өнімдерді не өзге де заттарды құрғату құрылғы ретінде пайдаланбаңыз.
- Тостер пісіргіш құрылғыда сары май немесе өзге тағамдық өнім жағылған нан өнімдерін және басқа да тағамдық өнімдермен бірге нан тілімдерін қыздырып қуырмаңыз.
- Электрлік тостер пісіргіш құрылғыға жұқалтыр және басқа да материалдарға нан тілімдерін орап, салмаңыз.
- Қысқа тұйықталу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін және өрт қаупі бар жағдайларға жол бермес үшін электрлік тостер пісіргіш құрылғыға қақтамамен немесе өзге де материалмен оралған нан тілімдерін салмаңыз.
- Электрлік тостер пісіргіш құрылғының бір бөлігінде нанды қыздырып қуыруға, ал оның екінші бөлігінде нанды жылытуға бір мезетте тыйым салынады..
- Тостер пісіргіш құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде оны жылжитпаңыз, ыстық құрылғының орнын ауыстырмаңыз, құрылғы толық суығанша күте тұрыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыдан қуырылып жатқан нан тілімдерді алуға тыйым салынады.
- Нан қоқымдарының тостер пісіргіш құрылғының ішінде жиналуына жол бермеңіз. Тостер пісіргіш құрылғыны тұрақты түрде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Газарту және күтім» тарауындағы көрсетілген нұсқауларын башылыққа ала отырып, оған сәйкес қарастырылған әрекеттерді орындап, тазартыңыз.
- Тостер пісіргіш құрылғыны нан қоқымдарын жинауға арналған түпқоймасыз пайдаланбаңыз.
- Тосттарды дайындау барысында құрылғыны қандай да бір бөгде заттармен, мысалы, қағазбен, сүлгімен, матадан жасалған төсемдермен немесе өзге де заттармен жаппаңыз, сонымен бірге оның үстіне ешбір заттарды қоймаңыз.

- Тостер пісіргіш құрылғыдан нан тілімдерін алу үшін ешуақытта метал асүй бұйымдар мен үшкір металл заттарды (шанышқы, пышақ және т.с.с.) немесе кез келген өткір заттарды қолданбаңыз.

Назар аударыңыздар!

Қыздыру барысында нан күюі әбден мүмкін. Тостер пісіргіш құрылғыны перденің жанында және оның дәл астында, сондай-ақ тез тұтанатын заттардың қасында қолданбаңыз.

Тостер пісіргіш құрылғының ішінде тұрып қалған нанды құрылғы желіден ажыратылмаған күйінде болса алуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

4. Құрылғының пайдалану аясы

Бұл тұрмыстық электрлік тостер пісіргіш құрылғы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың ережелері мен талаптарына сәйкес тек тұрмыста және соған ұқсас жағдайларда ғана пайдалануға арналған:

- дүкен қызметкерлерінің тамақтанатын орындарында, кеңселерде және басқа да жұмыс орындарында;
- фермерлік шаруашылықта;
- тұруға арналған қонақ үйлерде, сондай-ақ, тұтынушылардың уақытша тоқтайтын, тамақтанатын және бос уақыттарын өткізетін қонақжай мен мейманхана және отель сияқты және басқа да тұруға арналған жанұялық демалыс орындарында;
- түнеуге және таңғы асты ішуге арналған орындарда пайдалануға арналған.

Құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

Өндіруші осы пайдалану жөніндегі нұсқауда қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

5. Құрылғының сипаттамасы

Тостер пісіргіш бұл жұқалап тілген нанды қыздырып кептіруге және қуыруға, сондай-ақ тоңазытылған түрлі нан-бөлішке өнімдерін жібіту және жылыту үшін арнайы арналған электрлік құрылғы.



- 1) Нан тілімдерін салуға арналған саңылаулары;
- 2) Иінтірегі;
- 3) Құрылғының жұмысын үзіп, тоқтату батырмасы;
- 4) «Дөңгелек тоқаш» батырмасы;
- 5) «Жылыту» режимнің батырмасы;

- 6) «Мұздан жібіту» режимнің батырмасы;
- 7) Құрылғының электр желілік баусымын орап, сақтауға арналған бөлігі;
- 8) Нан ұнтақтарын жинауға арналған түпқояры;
- 9) Тостардың қыздыру дәрежесін реттеп алуға арналған реттеуш тетігі;

6. Тостер пісіргіш құрылғының жиынтықтылығы

Тостер пісіргіш құрылғы – 1 дана.

Тәтті нан жылытып алуға арналған торша – 1 дана.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.

Қызмет көрсету орталықтарының тізімі – 1 дана.

Кепілдік талоны – 1 дана.

7. Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау жөніндегі нұсқаулар және құрылғыны қауіпсіз пайдалану жөніндегі талаптар

Тостер пісіргіш құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында

- Тостер пісіргіш құрылғының сыртқы жағынан және оның ішінен барлық буып-түйетін қаптау материалдарын алып тастаңыз.
- Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында немесе құралмен ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған жағдайда, алдын-ала нанды қыздырмай тұрып тостер пісіргіш құрылғыны тазалап алған жөн, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «ТАЗАРТУ және КҮТІМ» тарауыныңдағы көрсетілген нұсқауларын башылыққа ала отырып, оған сәйкес қарастырылған әрекеттерді орындап, тазартыңыз.
- Тостер пісіргіш құрылғыға нан тілімдерін салмай тұрып, құрылғының қуат өткізетін желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қосыңыз, содан кейін тостардың қыздыру дәрежесін реттеп алуға арналған реттеуш тетігін (9) ең максималды қалпына дейін жылжытып орнатыңыз, содан кейін құрылғының иінтірегін ол төменгі қалыпта тіреліп құлыпталғанша басыңыз.
Құрылғыдағы иінтіреқ құрылғы желіге жалғанған күйде болған кезде гана төменгі қалыпта бекітіледі.
- Жоғарыда аталған процедурасын тағы бір рет жүргізуге кеңес беріледі және құрылғыны іске қосып, пайдаланған кезде бөлмені желдетіп алу қажет. Тостер пісіргіш құрылғыны тек қана жақсы желдетілетін бөлмеде пайдаланыңыз.

Тостер пісіргіш құрылғыны алғашқы рет іске қосқан кезде, оның қыздырғыш элементтері қызып, жанып куюі мүмкін, сол сәтте бұл салдарынан өзіндік ерекше бір иістің пайда болуы мүмкін және аздаған ғана мөлшерде түтін шығуы мүмкін, мұндай әсердің болуы құрылғының қалыпты жұмыс істеуі болып саналады да, оның ақаулы екендігін және істен шыққандығын білдірмейді. *Тостер пісіргіш құрылғыны алғаш рет пайдалану барысында немесе құрылғымен тым ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған жағдайда оның қыздырғыш элементтерінде тозаң басылып қалған жағдайда бұл қыздырғыш элементтерінде өртеніп кеткен шаңның біршама иісі пайда болуы мүмкін және бұл салдарынан аз гана мөлшерде түтін шығуы мүмкін.*

Құрылғыны пайдалану

- Тостер пісіргіш құрылғының электрлі қоректендіргіш баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қосыңыз.
- Нанды жұқалап тілімдеп кесіңіз, нан тілімдерін, яғни тостыларды қыздырып қуыру үшін тостер пісіргіш құрылғының нан тілімдерін салуға арналған саңылауларға салыңыз.
- Тостардың қыздыру дәрежесін реттеп алуға арналған реттеуш тетігін (9) қолдана отырып, қыздырудың қажетті дәрежесін орнатыңыз.

Деңгейі	Қыздырудың дәрежесі	Қыздырудың деңгейіне сай келетін нанның түрі
1-3	Жылыту	Нанның жұқа тілімдері
3-5	Қыздырудың орташа дәрежесі	Әдеттегі жай нан
5-6	Қыздырудың ең жоғары дәрежесі	Мұздатылған нан (мұздан жібіту)

- Құрылғының иінтірегін төмен қарай басып, түсіріңіз. Тостер пісіргіш құрылғы автоматты түрде жұмысын бастайды.
- Тостар қуырылып піскен соң, құрылғының иінтірегі бастапқы қалпына оралады және тостер пісіргіш құрылғы автоматты түрде сөнеді.
- Егер Сіз тостардың әзірлеу үдерісін, яғни құрылғының жұмысын үзіп, тоқтатқыңыз келсе, құрылғыдағы (3) батырмасын басыңыз.

«Мұздан жібіту» режимін қолдану:

- Мұздатылған нан-бөлішке өнімдерін қыздырып қуырып алу үшін, құрылғының иінтірегін басыңыз, оны басқан соң, құрылғыдағы (6) батырмасын басыңыз. Сонымен қатар сол сәтте жұмыстың жарық индекаторы жанады

«Дөңгелек тоқаш» режимін қолдану:

- Дөңгелек тоқаштарды немесе басқа нан-бөлішке өнімдерін тостер пісіргіш құрылғының нан тілімдерін салуға арналған саңылауларға салыңыз, оларды салған кезде нан тілімдерінің құырғыңыз келетін жағын тостер орталығының ортасына қойылатындай етіп, орналастырып салыңыз.
- Тостардың қыздыру дәрежесін таңдап, орнатыңыз, ол үшін құрылғының иінтірегін төмен қарай басып, түсіріңіз де, құрылғыдағы (4) «дөңгелек тоқаш» батырмасын басыңыз, сонымен бірге, сол сәтте бұл батырмасының индекаторлық шамы жанады.

«Жылыту» режимін қолдану:

- Қажет болған кезде суып қалған тостарды жылыта аласыз.
- Тостыларды тостер пісіргіш құрылғының нан тілімдерін салуға арналған саңылауларға салыңыз, құрылғының иінтірегін төмен қарай басып, түсіріңіз де, құрылғыдағы (5) батырмасын басыңыз, сонымен бірге, сол сәтте бұл батырмасының индекаторлық шамы жанады.
- Аталған режимінде тостыларды қосымша қыздырусыз жылытуға болады.

Тәтті нан мен тоқаштарды жылытуға арналған торшаны қолдану:

- Тостер пісіргіш құрылғыда торшаны бекітіңіз.
- Тәтті нан мен тоқаштарды немесе басқа нан-бөлішке өнімдерін түпқоярға салыңыз.
- Жылыту дәрежесін таңдап, орнатыңыз, содан кейін құрылғының иінтірегін төмен қарай басып, түсіріңіз.
- Тостылардың әзірлену уақытысы Сіздің қалауыңызға байланысты, яғни нан тілімдерін қыздырып пісірген кезде, нан тілімдерінің қыртысының түсін таңдап, оларды не ақшыл, не орташа немесе қызғылтым түске дейін пісіріңіз, сонымен тостылардың әзірлену уақытысы бұл нан тілімдерін қай деңгейге дейін қуырып алу қажет соны ескерген жөн, сонымен қатар, нан тілімдерінің қалыңдығын да ескерген жөн, себебі, тостылардың әзірлену уақытысы оның көлемі мен оның мөлшеріне де, оның түріне де байланысты болады, яғни тостер пісіргіш құрылғыны пайдаланған кезде нанның түрі мен оның балғындығын, сондай-ақ нан тілімдерінің қалыңдығын ескерген жөн.

Астарыңыз дәмді болсын!

8. Тазарту және күтім

- Тостер пісіргіш құрылғыны тазартпас бұрын, құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін жалғасып тұрған электрлік қоректену желісінен ажыратып алыңыз да, құрылғы толығымен суығанша күте тұрыңыз..
- Тостер пісіргіш құрылғыны тазарту үшін абразивті заттары бар жуғыш құрылғыларды пайдаланбаңыз.
- Электрлік тостер құрылғыны суға және өзге де сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды. Құрылғының электрмен қоректендіретін электр жалғауына, тостер пісіргіш құрылғының электр баусымына және оның ашасына, яғни оның қандай да электрлік байланыстарына судың тиіп, тамып кетпеуін үнемі қадағалаңыз.
- Құрылғының сыртқы бетін сәл ғана дымқыл матамен сүртіп шығыңыз да, содан кейін оны құрғақ шүберекпен әбден құрғатып, сүртіп шығыңыз.
- Нан қиқымдарын жинауға арналған түпқоярын (8) шығарып алыңыз, ол үшін оның беттік жағыннан басу қажет, содан кейін оны нан қиқымдардан тазалаңыз, және Нан қиқымдарын жинауға арналған түпқоярын орнына орнатып қойыңыз.
- Құрылғының зақымдалуын алдын алу үшін ешқашан бөгде заттарды құрылғыдағы нан салуға арналған саңылауларына салмаңыз.
- Құрылғының қыздырғыш элементтері қызған кезде өзіндік ерекше бір иістің пайда болуы мүмкін, қыздыру барысында өзіндік бір иістің пайда болуына жол бермеу үшін өте қатты иісі бар өнімдерден және басқа да заттардан бөлек, салқын және құрғақ жерде сақтаңыз.

9. Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелер

Электрлік тостер құрылғыны салқын, құрғақ жерде түпнұсқалық зауыттық қаптама қорабында сақтаңыз.

Электрлі құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын, және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

10. Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелер

Электрлі құрылғыларды тасымалданатын нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарының кез келген түрінде тасымалдайды. Құрылғыны тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық орама мен қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бұлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.



Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және де, тұрмыстық электрлі құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану

қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

11. Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелер

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

12. Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

13. Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері

Ақауларға қатысты мәселелер	Ықтимал себептері	Мәселерді шешу мүмкіндіктері
Құрылғының иінірегі төменгі күйде бекітілмейді.	Тостер пісіргіш құрылғының қуат өткізетін электр желілік баусымның айыртетігі электрлік ашалы розеткаға дұрыс жалғасып тұрған жоқ.	Тостер құрылғының қуат өткізетін электр желілік баусымның айыртетігі электрлік ашалы розеткаға дұрыс жалғасып қосылғандығына және бұл электрлік ашалы розеткасы жұмыс күйінде істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Тостер пісіргіш құрылғы бірнеше рет қатар қолданылған.
	Тостер пісіргіш құрылғы бірнеше рет қатар қолданылған.	Тостер пісіргіш құрылғыны қатарынан 4 есе артық пайдалынған жағдайда, оны әрбір қолданғаннан кейін 1 минутқа үзіліс жасап тұрыңыз.
Қуыру дәрежесін реттеу, жібіту дәрежесін реттеу және жылыту дәрежесін реттеу батырмалары жұмыс істемейді.	Каретканың иінірегі төмен қарай басылып түсірілмеген.	Алдымен каретканың иінірегін төмен қарай басып түсіру керек, содан кейін қажетті тетігін басу қажет. Қуыру дәрежесін таңдау батырмасы басылып тұрған жағдайда жұмыс істемейді.
Қуыру үдерісі аяқталған соң, нан тілімі шықпай, саңылауда бітеліп қалды.	Нан тілімдері ұсақталып сынған.	Каретканың иінірегін қолмен көтеріңіз. Дұрыс өлшемдегі нан

	Нан тілімдерінің өлшемі тым үлкен немесе тым кішкентай.	тілімдерін таңдаңыз. тостер пісіргіш құрылғыны пайдаланған кезде нанның түрі мен оның балғындығын, сондай-ақ нан тілімдерінің қалыңдығын ескерген жөн.
	Нан тілімдерінің жуандығы қалын.	
Тостылардың, яғни нан тілімдерінің асты күйген немесе қуырлмаған тым ашық түсті.	Қуырудың дәрежесіне сәйкес келмейтін режимін таңдаған.	Тостер пісіргіш құрылғыны қатарынан 4 есе артық пайдалынған жағдайда, оны әрбір қолданғаннан кейін 1 минутқа үзіліс жасап тұрыңыз.
	Тостер пісіргіш құрылғы бірнеше рет қатар қолданылған.	

14. Құрылғының техникалық сипаттамалары

PEP - Polaris сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік тостер пісіргіш құрылғы.

Кернеуі: ~220 – 240 В.

Жиілігі: ~50 Гц.

Құрылғының қуаттылығы: 900 Вт.

Қорғаныс жіктелімі – I

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

15. Сертификаттау жөніндегі ақпарат

Құрылғы РФ нормативті құжаттарына сәйкестікке сертификатталған.



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі:

Кепілдік мерзімі: 1 жыл сатып алған күннен бастап санағанда.

Құрылғының өнделіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының сыртқы жағында көрсетілген.

Өндіруші:

Polaris аппараттары жауапкершілігі шектеулі қоғамы - «Polaris Appplaniz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

3030 N. ROCKY POINT DR. STE 150A, TAMPA, FL 33607 АҚШ

3030 N. Rocky Point Dr. Ste 150A, Тампа, FL, 33607, АҚШ

16.Кепілдік міндеттеме

Бұйым: Электрлік тостер пісіргіш құрылғы

Үлгісі: **PET 0917A Champagne**

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 36 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндеуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «Limited Liability Company Polaris Appliances» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).

2. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.

3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.

4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сонымен қатар құрылғының қандай да бір сыртқы қабатының өзгерістері байқалған жағдайда таралмайды, егер де:

- Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, бұйымның ішіне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекет, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;

- Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;

- Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;

- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;

- Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуі;

5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақау табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.

6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

* Авторландырылған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында: www.polar.ru

